

2022

«Karaganda Buketov University» брендин әлемдік деңгейдегі университет ретінде ілгерілету



**KARAGANDA
BUKETOV
UNIVERSITY**

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



МАЗМҰНЫ

1

Басшылықтың үндеуі

- 3 Директорлар кеңесі төрағасының құттықтау сөзі
- 4 Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректорының құттықтау сөзі

2

Қоғам бейіні

- 6 Даму тарихы
- 7 Жалпы мәліметтер
- 8 Миссиясы, пайымы, стратегиялық даму бағыттары, мақсаттары мен міндеттері
- 10 Рейтингтердегі позициялары

3

Қызмет нәтижелері

- 14 Академиялық саясат және білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету
- 17 Ұйымдық құрылымды жетілдіру
- 19 Ғылыми-техникалық қызметті дамыту
- 25 Әлеуметтік-жастар саясаты
- 28 Инфрақұрылым, цифрлық экожүйе
- 31 Университеттің сыртқы стейкхолдерлермен өңірлік өзара іс-қимылын дамыту
- 32 Тәуекел-менеджмент
- 33 Орнықты даму

5

Қаржылық есептілік

- 55 Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері
- 56 Сыртқы аудитор туралы ақпарат
- 57 Қосымшалар
- 61 Тәуелсіз аудиторлардың қорытындысы

4

Корпоративтік басқару

- 34 Корпоративтік басқарудың сипаттамасы мен құрылымы
- 35 КБК қағидаттары мен негізгі ережелерін сақтау
- 36 Қоғамның ұйымдық құрылымы
- 37 Жалғыз акционер
- 38 Директорлар кеңесі
- 48 Директорлар кеңесінің комитеттері
- 49 Басқарма
- 52 Ішкі аудит қызметі
- 53 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет
- 54 Ғылыми кеңес

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Сіздердің назарларыңызға «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың 2022 жылғы қызметі туралы жылдық есепті ұсынуға қуаныштымыз.

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Қазақстан университеттерінің ұлттық рейтингінде жетекші орын алады. Соңғы үш жылда студенттер контингенті үштен бір бөлікке өсіп, шамамен 14 мың студентті құрайды. Бұл университет жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларына сұранысты көрсетеді. Университеттің қаржылық жағдайы тұрақты, бұған 2022 жылы 127 977 000 теңгені құраған жыл сайынғы табысы және университеттің қызметін қамтамасыз ету үшін қарызға қаражат тартудың болмауы дәлел. Профессор-оқытушылар құрамының орташа жалақысы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің 2022 жылғы Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша Қазақстан Республикасындағы орташа жалақының 80%-нан жоғары деңгейде.

Университетте ірі инвестициялық жобалар іске асырылуда, олардың ішінде Технопарк, 500 орындық жатақхана, дендрария және басқалардың құрылысын айтуға болады. Қазіргі уақытта деңгейі халықаралық жарыстарды өткізу үшін жалпы әлемдік стандарттарға сәйкес келетін спорт ғимараттары күрделі жаңартылды.

Университетте іске асырылатын ғылыми жобалардың жалпы сомасы 660,2 млн. теңгені құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1.5%-ға артық (660 205 851/406 638 488 тг.). 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурсының нәтижелері бойынша ғылымға арналған

инвестициялардың кем дегенде 25%-ға өсуі болжанады.

Университетте әлеуметтік және тәрбиелік бағдарламаларды, сондай-ақ студенттік және кадрлық әлеуетті дамытуға бағытталған бағдарламаларды іске асыруға көп көңіл бөлінеді.

Университет корпоративтік басқару қағидаттарын тиімді іске асырумен ерекшеленеді, онда Директорлар кеңесі мен Басқарманың қызметі толық өзара түсіністік пен ынтымақтастықта жүзеге асырылады, әлеуетті тәуекелдерді азайтуға және университеттің орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жалпы, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарын іске асыру шеңберінде қызметінің негізгі бағыттары бойынша алдына қойған барлық міндеттерін табысты орындауды жалғастыруда.

*«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы
Е.К. Мамытбеков*

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті Қоғамның Директорлар кеңесі, Басқармасы мүшелері, профессор-оқытушылар құрамы, қымбатты студенттер, магистранттар, докторанттар және Қоғам өкілдері!

Назарларыңызға «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет, Қоғам) қызметі туралы 2022 жылғы жылдық есепті ұсынамыз. Бұл есеп Қоғам дамуының негізгі параметрлерін, қойылған стратегиялық индикаторларға қол жеткізуді, сондай-ақ университеттің негізгі мақсаттары мен миссиясы шеңберіндегі білім беру, ғылыми және әлеуметтік-мәдени қызметтің нәтижелерін егжей-тегжейлі баяндайды.

Біз Қазақстан Республикасындағы ең ірілер қатарындағы студенттік кампусты одан әрі жетілдіру, корпустардың инфрақұрылымдық және зерттеушілік қуаттарын жақсарту үшін бар күшімізді салып, Студенттер үйлерінде тұрудың жайлылығын арттыру үшін жұмыс істеп келеміз.

Есепті кезеңде Қоғам өзінің білім беру қызметін **166** білім беру бағдарламалары, оның ішінде 74 магистратураның білім беру бағдарламалары, 16 докторантураның білім беру бағдарламалары шеңберінде кадрлар даярлаудың 8 саласы және 28 бағыты бойынша жалғастырды. 2022 жылы біздің білім беру бағдарламаларымызды отандық және шетелдік

аккредиттеу агенттіктері жоғары бағалады. Университет 2030 жылға дейін халықаралық институционалдық аккредиттеуден өтті.

Университетте ғылыми-зерттеу қызметінің маңыздылығын ескере отырып, оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалады. Кампус аумағында инновациялық ғылыми технопарк құрылысы жүргізілуде. Жаңа ғимаратта іргелі, қолданбалы және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді іске асыру үшін заманауи зертханалар мен зерттеу орталықтары ашылатын болады, онда студенттер, магистранттар және PhD докторанттары өздерінің ғылыми жобаларын заманауи жабдықта орындауға мүмкіндік алады.

Соңғы жылдары біз білім алушылар контингентінің тұрақты өсуін көріп келеміз. Бүгінгі таңда контингентіміз 13 мыңнан астам адамды құрайды. Бұл 2022 жылы жүргізілген үлкен имидждік жұмыстың нәтижесі.

Оқу процесі мен ғылыми қызметке үздік отандық және әлемдік тәжірибелерді енгізу мақсатында университетте жоғары білікті отандық және шетелдік кадрларды, сондай-ақ «Болашақ» бағдарламасының түлектерін тартуға бағытталған кадр саясатына көп көңіл бөлінеді. Университет ең заманауи талаптарға сай келетін жабдықтармен жабдықталған. Бұл процесс тұрақты жүзеге асырылады. Осылайша, 2022 жылы биология-география факультетінде «RFID» технологиясымен жабдықталған кітапхана ашылды, ол білім алушыларға Қоғамның кез


келген әдебиетіне 24/7 режимінде бармай-ақ қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл технологиямен барлық факультеттердің кітапханалары жабдықталады. Аталған жұмыс 2023 жылы жалғасын табатын болады.

2022 жылы Университет Академиялық адалдық лигасына кіріп, өз қызметінің барлық бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік ұстанымын білдірді.

Құрметті әріптестер және достар, 2022 жылы Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру және дамыту, стратегиялық әріптестікті кеңейту және жоғары оқу орнының халықаралық мәртебесін, ғылыми зерттеулердің әлеуетін және серпінді ғылыми бағыттарға күш-жігерді шоғырландыру арқылы кадрлар даярлаудың өзектілігін нығайту бойынша үлкен жұмыс атқарылды. 2023 жылы қызметті жүзеге асыру кезінде мұқият назар аударуды талап ететін негізгі мәселелер тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін одан әрі қалыптастыру, Қоғам іске асыратын білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту, Қоғам ғалымдарының өңір мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін арттыру, ресурстық базаны жаңарту, Қоғамның сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимылын дамыту, корпоративтік басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру, 2023 жылғы қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу болмақ.

*«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректоры
Н. Дулатбеков*

ДАМУ ТАРИХЫ



ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Қоғамның толық атауы

1) мемлекеттік тілде - «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде – некоммерческое акционерное общество «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова»;

3) ағылшын тілінде: non-profit limited company «Karagandy University of the name of academician E. A. Buketov»;

Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде - «Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ;

2) орыс тілінде – НАО «Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова»;

3) ағылшын тілінде - NLC «Karagandy University of the name of academician E. A. Buketov».

Қоғамды мемлекеттік тіркеу күні

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-ты қайта тіркеуді Қарағанды облысының Әділет департаменті 2020 жылғы 23 маусымда тіркеді (бастапқы тіркеу күні 05.05.1999 ж.). Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 27.08.2020 жылғы анықтама, БСН 990540002444.

Жарғылық капитал

Жарғылық капиталдың мөлшері: 3 927 242 000 (үш миллиард тоғыз жүз жиырма жеті миллион екі жүз қырық екі мың) теңге, акциялар қарапайым. Акциялардың жалпы саны: 3 927 242 (үш миллион тоғыз жүз жиырма жеті мың екі жүз қырық екі) дана. Халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) KZ1C00013879. Бір акцияның номиналды құны 1 000 (бір мың) теңге.

Қоғамның заңды мекенжайы мен орналасқан жері

Қазақстан Республикасы, M02E6C3 (100026), Қарағанды қ., Университет к-сі, 28-үй.

Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу

Бағалы қағаздар шығарылымын тіркеу күні 2020 жылғы 21 шілде, бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік 2020 жылғы 21 шілдедегі № KZ70VGZ00000293

Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетінің иелері туралы ақпарат

Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қоғам акцияларының 100% мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саладағы уәкілетті орган «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ, Жалғыз акционер) болып табылады, 2022 жылғы 26 тамыздағы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама БСН 220840048968. Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер Үйі, 11-ші кіреберіс.





МИССИЯСЫ

Рухани құндылықтарды сақтау, білімді тарату, үздік білім беру тәжірибелері мен зерттеу бағдарламалары негізінде кадрлар даярлау үшін инновациялық тәсілдерді енгізу

ПАЙЫМЫ

Жаңа тарихи сын-қатерлер жағдайында Қазақстанның инновациялық дамуы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін педагогикалық және ғылыми кадрларды даярлауға басымдық бере отырып, классикалық университеттің көп бейінділігін сақтау



СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

1

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

МАҚСАТ: білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және заманауи инновациялық технологияларды қолдану арқылы өңірдің, елдің индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктеріне сай келетін кадрлар даярлау.

МІНДЕТТЕР:

1. Білім алушылардың жалпы контингентінен мемлекеттік білім беру гранттары бойынша білім алушылардың үлесін ұлғайту үшін талапкерлерді тарту бойынша мақсатты ақпараттық науқан өткізу.
2. Жұмыс берушілердің қатысуымен кәсіби стандарттар негізінде практикалық қызметке және ғылыми зерттеулер жүргізуге бағдарланған білім беру бағдарламаларын әзірлеу.
3. Білім алушылардың білім беру процесіне ынтасын және қатысуын арттыру үшін жағдай жасайтын оқытудың икемді траекторияларын әзірлеу.

2

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДЫ ЖЕТІЛДІРУ

МАҚСАТ: жоғары оқу орнының сыртқы ортасының динамизмін, жаңа технологиялар мен бәсекелестікті ескере отырып, инновациялық кадр саясатын қамтамасыз ету.

МІНДЕТТЕР:

1. Басқарудың жаңа парадигмасын ескере отырып, ұйымдық құрылымды жаңарту.
2. Лауазымдардың жаңа сыныптауышына көшуді ескере отырып, профессор-оқытушылар құрамын тарту бойынша талант-менеджментті дамытуға және персоналдың мансаптық өсуіне бағытталған жаңа кадр саясатын әзірлеу.

3

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ДАМУ

МАҚСАТ: Ғылымның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін арттыру. Ғылымның экономиканы әртарапандыруға және ғылым, білім беру мен өндірісті интеграциялау, университеттің ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерциализациялау үшін жағдайлар жасау арқылы ел мен өңірдің орнықты дамуына қосқан үлесін арттыру.

МІНДЕТТЕР:

1. Университеттің ғылыми инфрақұрылымын жетілдіру.
2. Ғалымдардың ғылыми жарияланымдарының дәйексөздерінің өсуі және ғылыми журналдардың халықаралық базаларға енуі.
3. ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің және басқа да субъектілердің тапсырысы бойынша қаржыландырылатын жобаларды орындау.

4

ӘЛЕУМЕТТІК-ЖАСТАР САЯСАТЫ

МАҚСАТ: Студент жастарды «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық-патриоттық идеясында, «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасында көзделген рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтуға тарту, студент жастарды табысты әлеуметтендіру, олардың белсенді азаматтық ұстанымдарын, әлеуметтік жауапкершіліктерін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

МІНДЕТТЕР:

1. Қоғамдық сананы жаңғырту контекстінде студенттерді оқыту және тәрбиелеу процестерін үндестіру.
 2. Студенттік бастамаларды қолдау және ілгерілету тетіктерін әзірлеу.
- Студенттерді әлеуметтік қолдау

5

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ, ЦИФРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕ

МАҚСАТ: Университеттің ақпараттық құрылымын цифрлық экожүйеге негіздей отырып жаңғырту, университеттің ресурстық базасын кешенді жаңарту.

МІНДЕТТЕР:

1. Ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымды жаңғырту.
2. Университеттің цифрлық білім беру ортасын дамыту.
3. Университет қызметінің ресурстық қолдау контекстінде инфрақұрылымды дамыту.

6

УНИВЕРСИТЕТТІҢ СЫРТҚЫ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН Өңірлік ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫН ДАМУ

МАҚСАТ: Білім беру және ғылыми-зерттеу хабын құру негізінде Қарағанды облысының базалық салаларына технологиялар мен инновациялар трансферті.

МІНДЕТТЕР:

1. Өңір мен қала үшін әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру

РЕЙТИНГТЕРДЕГІ ПОЗИЦИЯЛАР

QS STARS

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті QS Stars бағдарламасының аудит қорытындысы бойынша 4 жұлдызға ие болды.

QS Stars - QS WUR жоғары оқу орындарының ең беделді әлемдік рейтингтерінің бірінің негізін қалаушы Quacquarelli Symonds рейтингтік жүйесі.



QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS – 2023

2023 жылғы QS World University Ranking рейтингінің нәтижелері бойынша Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 801 + позициясын иеленді.

Британдық QS агенттігі (Quacquarelli Symonds) 10 жылдан астам уақыт бойы әлем университеттерін саралап келеді. Жыл сайын QS 3 мыңға жуық жоғары оқу орнын бағалап, олардың арасынан үздіктерін таңдайды.



РЕЙТИНГТЕРДЕГІ ПОЗИЦИЯЛАР

QS ASIA – 2023

2023 жылғы QS Asia рейтингінің нәтижелері бойынша Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 235-орынға ие болды.

QS Asia - жыл сайын Сингапур, Малайзия, Оңтүстік Корея, Қытай сияқты және т.б. Азия елдерінің 800-ден астам мықты университеттерін саралайтын Қазақстанның жоғары оқу орындары үшін түбегейлі жаңа рейтинг.

Биыл QS Azia рейтингіне алғаш рет 41 қазақстандық жоғары оқу орны қатысты.



АРТА: ҚР ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА СҰРАНЫСТЫҢ ҰЛТТЫҚ РЕЙТИНГІ – 2022

2022 жылғы жоғары оқу орындарына сұраныстың ұлттық рейтингінің нәтижелері бойынша Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 4-ші орынды иеленді.

Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі (IAAR) 2014 жылдан бастап Қазақстан Республикасы «Жоғары оқу орындарына сұраныстың ұлттық рейтингін» өткізеді.



РЕЙТИНГТЕРДЕГІ ПОЗИЦИЯЛАР



БСҚТА: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК КӨПСАЛАЛЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ РЕЙТИНГІ – 2022

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының 2022 жылғы Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттігінің (IQAA) ұлттық рейтингінің қорытындысы бойынша Қазақстанның жетекші көпсалалы жоғары оқу орындары арасында 3-ші позицияны және елдің көпсалалы өңірлік жоғары оқу орындары арасында 2-ші позицияны иеленді

«АТАМЕКЕН» ҰКП БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ РЕЙТИНГІ - 2022

2022 жылғы «Атамекен» ҰКП Білім беру бағдарламалары рейтингінің нәтижелері бойынша Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 11 білім беру бағдарламасы үздік үштікке енді.

Университеттің 33 бағдарламасы рейтингке қатысушылардың жалпы тізімінің бірінші жартысында орналасты.



РЕЙТИНГТЕРДЕГІ ПОЗИЦИЯЛАР



ЖАҒАНДЫҚ БІРІКТІРІЛГЕН РЕЙТИНГ – 2022

2022 жылғы Жаһандық біріктірілген рейтинг нәтижелері бойынша Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті **әлемнің үздік университеттерінің ТОП 10%-на** кірді.

Жаһандық біріктірілген рейтинг QS және THE сияқты әлемдік рейтингтерді қамтитын аса беделді 12 жаһандық институционалды рейтинг бойынша, сонымен қатар DEQAR аккредиттелген бағдарламаларының еуропалық мәліметтер базасының көрсеткіштері бойынша сараланған жоғары білім беру ұйымдарының жіктелуін білдіреді.

2022 Жаһандық біріктірілген рейтинг 2021 жылғы рейтингтердің нәтижелері бойынша жасалды. Бұл рейтингте 124 ел мен 3382 жоғары оқу орны ұсынылған.

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

№	Нысаналы индикаторлар	2022ж.	
		жоспар	факт
1	QS әлемдік рейтингіндегі позициялар	750+	801+
2	QS EESA әлемдік рейтингіндегі позициялар	149	Рейтинг алынып тасталды
3	Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша әзірленген инновациялық ББ үлесі, %	35	35
4	Қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып іске асырылатын ББ үлесі, %	40	40
5	Онлайн курстар әзірленген пәндердің үлесі, %	19	19
6	Студенттердің жалпы санынан шетелдік студенттердің үлесі, %	3,5	3,5
7	Ағылшын тілінде оқытатын ПОҚ үлесі, %	28	28
8	Бірлескен білім беру бағдарламаларының үлесі, оның ішінде QS/Top-100 QSbysubject рейтингінің Top-700 қатарынан серіктес-жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру аясында, %.	4,8	4,8
9	Студенттердің жалпы санынан жоағры оқу орны қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алатын студенттердің үлесі, %	0,25	0,54
10	Оқуды аяқтағаннан кейін 1-ші жылы жұмысқа орналастырылған жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар түлектердің үлесі, бірл.	80	84,4
11	«Алтын белгі» иегерлері, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстары, олимпиадалар жеңімпаздары атанған жоғары оқу орнына түскендердің үлесі, %	3,7	3,7
12	ЖАО, жұмыс берушілер қаражаты есебінен гранттардың үлесі, %	2	2
13	Оқу процесіне енгізілген электрондық ресурстар санының өсуі, %	3,2	13
14	Шетелдік серіктестермен академиялық алмасулар үлесі, %	0,5	4,6
15	Оқу процесіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес құрылымдардың үлесі, %	2,0	12,5

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ



Білім беру бағдарламалары
тізіліміне енгізілген

100 бірл.

Оның ішінде
инновациялық ББ

(35/100)

Жұмыс берушілердің өтініші бойынша ашық:

6B01403

*Бейнелеу өнері, көркем
еңбек, графика және
жобалау*



«М.Жұмабаев ат. гимназия» КММ
«Школа-гимназия им.Әл-Фараби ат. мектеп-гимназия» КММ

**БАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
оның ішінде бірлескен**

145

7

Серіктес жоғары оқу орындары:



«МИФИ» ұлттық ядролық зерттеу
университеті

*Томск мемлекеттік басқару жүйелері
және радиотехника университеті*



6B01506

*Информатика, АКТ
және
робототехника*

«Дарын» мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ
№66 МЛ КММ
№16 ОБМ КММ



Қарағанды
университеті

Новосибирск мемлекеттік
педагогикалық университеті



Луиса ұлттық университетінің
Жоғары бизнес мектебі, (Новы-Сонч қ.,
Польша)



Кастамону университеті (Түркия)



6B04114

*Әлемдік экономика
және кедендік реттеу*



«Қарағанды облысының өнеркәсіп, индустриялық-
инновациялық даму басқармасы» ММ
«Қарағанды облысының сауда палатасы» ҚБ



6B04105

*Бизнес-аналитика
және бизнес-
консалтинг*

«Қарағанды облысының өнеркәсіп, индустриялық-
инновациялық даму басқармасы» ММ

6B04204

*Соттық және
прокурорлық қызмет*



«Соттар әкімшісі» РММ

ОҚЫТУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕР

*Профессор- оқытушылар
құрамының жалпы саны*

917



50

Ағылшын тілінде
сабақ берушілер

256

Халықаралық тілдік
сертификаттарға ие



115

Практикалық
қызметкерлер



ЖАО ГРАНТТАРЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ:

Қарағанды - 134

Маңғыстау облысы –2

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ГРАНТТАРЫ

28

Студенттер контингенті
12710

*Шетел студенттері, оның
ішінде елдер бөлінісінде:*

445

Германия



1

Әзірбайжан



5

Беларусь



1

Ресей



22

Тәжікстан



4

Өзбекстан



87

Қырғызстан



2

Украина



1

Қытай



5

Пәкістан



1

Моңғолия




70


ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДЫ ЖЕТІЛДІРУ

№	Нысаналы индикаторлар	2022ж.	
		жоспар	факт
1	Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар ПОҚ үлесі	9%	9%
2	Біліктілікті арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен ПОҚ үлесі	25%	31,4%
3	Менеджмент саласында біліктілікті арттырудан өткен жоғары оқу орны басшыларының үлесі.	35%	35%


Халықаралық сертификаттар



Біліктілікті арттыру



2020-2022 жылдар бөлінісіндегі көрсеткіштер



ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ДАМУ

№	Нысаналы индикаторлар	2022ж.	
		жоспар	факт
1	Жаңартылған ғылыми жабдықтардың үлесі	14,5	14,5
2	Халықаралық базаларда ғылыми жарияланымдардың дәйексөздерін келтірудің орташа санының өсуі	2,2	2,6
3	Халықаралық ғылыми және білім беру жобаларының үлесі	2,0	3,4
4	Қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу қызметіне қатысатын жас ғалымдардың үлесі	27	27
5	Қорғау құжаттары мен авторлық куәліктердің өсуі	13	13
6	Аяқталған қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санынан коммерцияланатын жобалардың үлесі	10	10,2
7	Ғылыми қызметтен, инновациялық әзірлемелерден және коммерцияландырылған жобалардан тартылған қаржы құралдарының үлесі (жоғары оқу орнының жалпы бюджетінен)	6,0	7,6
8	Халықаралық деректер базасында индекстелетін университеттің ғылыми журналдарының саны	6,0	6,0
9	Зерттеушілер санының өсуі	4,0	4,0

МІНДЕТТЕР

- ғылымның **өзін-өзі басқару** институттарын дамыту
- **постдокторантура** институтын дамыту
- қолданыстағы ғылыми орталықтарды **оңтайландыру**
- **перспективті** ғылыми топтарды қолдау
- **HiPo** қызметкерлерді ғылымға тарту

ҒЫЛЫМДЫ ҚОЛДАУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ПОҚ пен ҒҚ ШТАТ САНЫ – 964 адам

Профессор-зерттеушілер - 10

Еңбек сіңірген профессорлар – 14

Профессорлар – 108

Қауымдастырылған профессорлар - 197

Профессор ассистенттері – 72

Аға оқытушылар - 374

Ғылыми бөлімшелер қызметкерлері – 43

Оқытушылар - 189

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМИ БІРЛЕСТІКТЕР

Ғылыми-техникалық кеңес

Редакциялық кеңес

Әдеп комиссиясы

Ғалымдар клубы

Жас ғалымдар кеңесі

Диссертациялық кеңес

ӘКІМШІЛІК БӨЛІМШЕЛЕР


Ғылым департаменті

Технологиялар мен инновацияларды қолдау орталығы

Постдокторантура бөлімі







• ҒЫЛЫМИ БӨЛІМШЕЛЕР

- Ғылыми-зерттеу институттары (**Қолданбалы математика институты**)
- Ғылыми-зерттеу орталықтары (**Механика және робототехника ҒЗО**)
- Ғылыми-зерттеу зертханалары
- Археология мұражайлары және Табиғат мұражайы



ҒЫЛЫМИ ЗЕТТЕУЛЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

2022 жылдағы нәтижелер



Ішкі гранттар: монографиялар (жинақтар) – 6, оқулықтар -3, патенттер, ӘК – 2, мақалалар – 103, Scopus, WoS – 12, гранттар – 9/6

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Инфрақұрылымдық жобалар

- Технопарк (2000 ш.м.) - 436 млн.тг
- Жылыжай + дендрарий (272 ш.м. + 3 га) – 208 млн.тг

Жабдық сатып алу

- жоғары оқу орны қаражаты есебінен - 410 млн.тг
- жобалар қаражаты есебінен – 123 млн.тг

ҒЖБМ жобаларына қатысу

- Академиялық басымдық орталықтары – 4 млрд. тг
- ЖОО жанынан технопарктер ұйымдастыру – 20 млрд. тг

<https://onlinelibrary.wiley.com/>

<https://link.springer.com>

Ақпараттық қамтамасыз ету

Publishers indexed in Scopus

(доля крупных изданий)

Издательство	Доля (число журналов)
Elsevier	10% (4 059)
Springer Nature	8 % (3 764)
John Wiley & Sons	5 %
Taylor & Francis	5 % (3 043)
Sage Publications	2 % (982)
Wolters Kluwer	1 % (584)
IEEE	1 % (348)
OXFOPD Uni Press	1 % (426)
BenthamScience	1 % (230)
Emerald	1 % (502)
Cambridge Uni Press	1 % (399)
Inderscience Publishers	1 % (249)
Others	

Возможности

- **2000** полнотекстовых журналов
- **1528** журналов индексируются
- **67%** журналов Q1 и Q2
- публикация **бесплатная** в Wiley


Результат

- **5338** статей скачено
- **12** статей опубликовано в Wiley

Решение


Подписаться на крупные базы

ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАР



<https://www.webofscience.com>

Web of science (2018-2022) – 599 басылым
дәйексөздер – 1704,
дәйексөздерсіз – 1241,
дәйексөздердің орташа саны – 2,84



Scopus (2018-2022) – 732 басылым
Мақалалар – 626
Конференциялар – 70
Шолулар – 21
Кітап тараулары – 7

Web of Science (2018-2022)

Karaganda Univ – 266

Springer Nature - 75

Elsevier - 33

ЖЕКЕ ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАР



Web of Science

Scopus

ИНДЕКСАЦИЯ

Eurasian Journal of Chemistry (Q4)
 Bulletin of the university of Karaganda – Physics (Q4)
 Bulletin of the Karaganda university – Mathematics (Q4)

Bulletin of the Karaganda university – Mathematics (35 процентиль)
 Eurasian Physical Technical Journal (25 процентиль)
 Eurasian Journal of Chemistry (7 процентиль)

3
 Web of Science

3
 Scopus

8
 Google Scholar

10
 КОКСОН

РАСПРОСТРАНЕННОСТЬ



ӘЛЕУМЕТТІК-ЖАСТАР САЯСАТЫ

№	Нысаналы индикаторлар	2022ж.	
		жоспар	факт
1	Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушылардың жалпы санынан волонтерлік қызметпен айналысатын студенттердің қатысу үлесі	10,25	11,4
2	Студенттік өзін-өзі басқарудың түрлі органдарын ұсынатын студенттердің үлесі	11	11
3	ЖОО-ның, қаланың қоғамдық өміріне белсенді араласатын студенттердің үлесі	29%	29%
4	Халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарынан шыққан студент жастардың, студенттердің шығармашылық және инновациялық әлеуетін қолдауды қаржыландыру үлесі.	2,5%	2,6%



ОРГАНЫ СТУДЕНЧЕСКОГО
САМОУПРАВЛЕНИЯ



ДВОРЕЦ СТУДЕНТОВ



ДОМ СТУДЕНТОВ




СТУДЕНЧЕСКАЯ
ПОЛИКЛИНИКА/ЗДРАВПУНКТ



МУЗЕЙ ИСТОРИИ

Волонтерлік қызмет




Қаланың, жоғары оқу орнының қоғамдық өміріне араласу

Доля студентов, принимающих активное участие в общественной жизни вуза, города составляет 2525 студентов, что составляет 27 % от общего общего контингента студентов бакалавриата в 2022 году

Активисты университета принимают активное участие в общественной, волонтерской работе на уровне города. Волонтеры нашего университета регулярно участвуют в городских акциях, студенты принимают участие в различных конкурсах и мероприятиях городских управлений и других организаций.

Вышеуказанных мероприятий активно участвовали:



Студенттік өзін-өзі басқару органдары

Доля студентов, представляющих различные органы студенческого самоуправления составляет 936 студентов, что составляет 10 % от общего контингента студентов бакалавриата в 2022 году



Шығармашылық әлеуетті қаржыландыру

Доля студентов, принимающих активное участие в общественной жизни вуза, города составляет 2525 студентов, что составляет 27 % от общего общего контингента студентов бакалавриата в 2022 году

Доля финансирования поддержки творческого и инновационного потенциала студенческой молодежи, студентов из социально незащищенных слоев населения составил 2,62% 69 млн 283 тыс. тенге



СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ



ӘЛЕУМЕТТІК-БІЛІМ БЕРУ ЖАҒЫНАН ҚОЛДАУ

- оқуға жеңілдіктер
- Студенттер үйінде тұруға жеңілдіктер
- әлеуметтік саясат



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТЫНЫҒУ

- музыкалық клубтар
- би клубтары
- шығармашылық клубтар



СПОРТТЫҚ ТЫНЫҒУ

- спорт секциялары
- футбол корты
- фитнес-зал
- воркаут-аймақтар



СТУДЕНТТІК БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ

- Ректор жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңес
- әлеуметтік және бизнес жобалар конкурстары
 - коворкинг-аймақтар
 - ЖІК кабинеттері

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ, ЦИФРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕ

№	Нысаналы индикаторлар	2022ж.	
		жоспар	факт
1	Онлайн порталдың жұмыс істеуі	1 бірл.	1 бірл.
2	Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз ету үшін прокторинг жүйесінің болуы	1 бірл.	1 бірл.
3	Жоғары оқу орнындағы виртуалды зертханалардың үлесі	5%	10%
4	Университеттің электрондық кітапханасы көлемінің өсуі	3,2%	16,2%
5	Университеттің репозиторий жазбаларының өсуі	48	48
6	Жалпы кітапхана қорының өсуі	1,2%	1,2%
7	Жоғары оқу орны бюджетінен оқу зертханаларын дамытуға арналған шығыстардың үлесі	6%	6%
8	Жергілікті атқарушы органдар мен бизнес өкілдері есебінен жобалардың үлесі	14%	15,4%
9	Коммерцияландырылған жобалар мен іске асырылатын стартаптардың үлесі	4%	11%
10	Жоғары оқу орнының жалпы кірісінен жоғары оқу орнын дамытуға тартылған инвестициялар көлемі	20%	–
11	Жоғары оқу орнының жалпы табысынан эндаумент қорындағы қаражат үлесі	0,02	–
12	Жоғары оқу орындарында Академиялық адалдық қағидаттарын іске асыру мақсатында алмасуларды айқындаудың ақпараттық жүйелерінің үлесі (келісімнің болуы)	100%	100%

Басшылықтың үндеуі

Қоғам бейіні

Қызмет нәтижелері

Корпоративтік басқару

Қаржылық есептілік

«Жаратылыстану ғылымдары» даярлау бағыты бойынша виртуалды зертханалар

- ◆ «ЕМАКЕТ» - Общая химия;
- ◆ «ЕМАКЕТ» - Физическая химия;
- ◆ «ЕМАКЕТ» - Химия нефти и газа;
- ◆ «ЕМАКЕТ» - Коллоидная химия;
- ◆ Программный лабораторный комплекс «Сопротивление материалов»

Электрондық кітапхана

323 курсов лекций профессорско-преподавательского состава

549 оцифрованные книги

282 мультимедийных презентаций

157 Интернет-ресурсы

28 трудов профессорско-преподавательского состава

2 543 ресурсы из базы данных «Эпиграф»

Коммерцияланған жобалар


- ◆ PlastiCourse
- ◆ RePlast
- ◆ Meeting room
- ◆ Наше место
- ◆ Energy helped

Оқу зертханаларын дамытуға арналған шығыстар


№	Оборудование	Стоимость
1	компьютерная и мультимедийная техника и интерактивное оборудование	51,8 млн. тенге
2	современная компьютерная лаборатория для моделирования химических процессов	13,7 млн. тенге
3	сервер вычислений	14,9 млн. тенге
4	компьютерная лаборатория цифровой экономики,	11,3 млн. тенге
5	лингфонный кабинет для исторического факультета	5,5 млн. тенге
6	программное обеспечение Office 365 с антивирусом Dr. Web	21,2 млн. тенге
7	приобретение лабораторного оборудования	218.384 млн. тенге.
	Итого	336 млн.784 тенге

ОНЛАЙН ПОРТАЛДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ


<https://buketov.edu.kz>




<https://arenda.buketov.edu.kz>




<https://idl.buketov.edu.kz>




<https://web-testing.buketov.edu.kz>




<https://cabinet.buketov.edu.kz>



<https://schedule.buketov.edu.kz>



ИС «Platonus»



УНИВЕРСИТЕТТІҢ СЫРТҚЫ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨҢІРЛІК ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫН ДАМУ

№	Нысаналы индикаторлар	2022ж.	
		жоспар	факт
1	университетте жүргізілетін зерттеулердің жалпы санынан өңір кәсіпорындарымен бірлесіп жүргізілетін зерттеу жұмыстарының үлесі	10%	15,4%
2	университетте жүргізілетін зерттеулердің жалпы санынан ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізуге арналған университеттік гранттардың үлесі	15%	17,5%
3	іске асырылатын жобалардың жалпы санынан өңір мен қала үшін әлеуметтік маңызы бар жобалардың үлесі	5%	6,1%
4	негізгі мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) қанағаттану деңгейі	85%	85%



ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ

Тәуекел менеджмент тәуекелдерді басқару тактикасы мен стратегиясын білдіреді

Тәуекелдерді тактикалық басқару тәуекелдерді азайту және жою үшін оңтайлы басқару әдістерін таңдауды білдіреді.

Стратегия кең ауқымды әрекеттерді қамтиды: бұл стратегиялық міндеттерді орындауға бағытталған ережелер, нақты нұсқаулықтар жасау

Директорлар кеңесі мен Басқарма отырысында тәуекелдерді басқару процесінің ағымдағы жай-күйі туралы есептер тоқсан сайын қаралады

ЦИФРЛАНДЫРЫЛДЫ

Тәуекелдер тіркелімі

Тәуекелдер картасы

БЕКІТІЛДІ

Тәуекел дәрежесі

Тәуекелдер тіркелімі

Тәуекелдер картасы

Тәуекелдер матрицасы

Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары

Оқыту тренингтері сериясы өткізілді



ОРНЫҚТЫ ДАМУ

ҚОҒАМ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ 17 МАҚСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ТҮСІНІП, ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОСАДЫ



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ орнықты даму саласындағы мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:


Ұзақ мерзімділік - осы Саясатпен анықталған орнықты даму мақсаттары ұзақ мерзімді кезеңдегі орнықты даму контекстінде Қоғамның білім беру, ғылыми-зерттеу, тәрбиелік, әлеуметтік қызметін жүргізуді білдіреді.

Ашықтық - ОДМ шеңберінде қабылданатын іс-қимылдар негізді болып, ал олардың нәтижелері барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізілуі тиіс.

Тиімділік - ОДМ іске асыру Қоғамның білім беру, ғылыми-зерттеу, тәрбие, әлеуметтік қызметіндегі бизнес-процестерін сапалы өзгертуді, мүмкіндіктерді кеңейтуді және стейкхолдерлердің қызығушылығын оята отырып тартуды білдіреді.

ҚОҒАМНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРЫ

Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың ал-ауқатын арттыруға ықпал ету




Барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барша адамдар үшін өмір бойы білім алу мүмкіндігін көтермеу




Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту



Барлық адамдар үшін қымбат емес, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету



Берік инфрақұрылым құру, жан-жақты қамтылған және тұрақты индустрияландыруды қамтамасыз етуге және инновацияларды енгізуге жәрдемдесу



Орнықты дамуға қол жеткізу құралдарын нығайту және орнықты даму мүддесінде жаһандық әріптестік тетіктерінің жұмысын жандандыру



СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР

Сыртқы

Мемлекеттік органдар
Рейтинг агенттіктері
Жергілікті атқарушы органдар
Салалық қауымдастықтар
Жұмыс берушілер: мекемелер, кәсіпорындар, бизнес-қауымдастық өкілдері
Білім беру мекемелері (мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер): жоғары және бітіруші сыныптардың оқушылары және олардың заңды өкілдері
Бұқаралық ақпарат құралдары
ҚР мен шетелдің жоғары оқу орындары, Ғылыми-зерттеу институттары, Ғылыми орталықтары мен зертханалары
Түлектер

Қоғамда мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды регламенттейтін Саясат және өзге де құжаттар әзірленді

Ішкі

Директорлар кеңесі
Басқарма
Университеттің білім алушылары
Профессор-оқытушылар құрамы
Әкімшілік-басқарушылық персонал

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың корпоративтік басқару жүйесі саласындағы қызметі жоғары орган – Жалғыз акционер, басқару органы – Директорлар кеңесі және атқарушы орган – Қоғам Басқармасы, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалар мүдделерінің оңтайлы теңгеріміне қол жеткізу арқылы Университеттің тиімді дамуына жағдай жасайтын корпоративтік практиканы қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған.

Қоғам корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және оған капитал тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Қоғамның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті ажыратуды көздейді.


«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың корпоративтік басқаруы әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке, ашықтыққа, кәсібилік пен құзыреттілікке құрылады. Корпоративтік басқару құрылымы Қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделеді және Қоғамның табысты қызметіне, оның ішінде оның құндылығының артуына, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға ықпал етеді.

Корпоративтік басқарудың негізгі принциптері:

- өкілеттіктерді ажырату принципі;
 - акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
 - Директорлар кеңесі мен Басқарманы Қоғамды тиімді басқару қағидаты;
 - орнықты даму қағидаты;
 - тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және аудит;
 - корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
 - Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты.
- Қоғам өз қызметін осы қағидаттарға сәйкес қатаң түрде жүзеге асыруға тырысады.




Құрылтайшы – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан ҚР Үкіметі Акциялардың 100% мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (**Жалғыз акционер**) жүзеге асырады



Акцияның номиналды құны – 1000 теңге

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ

Қоғам қызметінде жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес 2023 жылы Корпоративтік басқару кодексінің 171 ережесі сақталады, Кодекстің 3 ережесі ішінара сақталады (себептері мен жою шараларын түсіндіре отырып), Корпоративтік басқару кодексінің 8 ережесі әлі қолданылмаған.



	Ережелер саны 2022 жыл	Ережелер саны 2023 жыл
Сақталады	160	171
Ішінара сақталады	12	3
Сақталмайды	1	-
Қолданылмаған	9	8

Корпоративтік басқару кодексі қағидаттарының жалпы саны - 7

Корпоративтік басқару кодексі ережелерінің жалпы саны - 182

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау пайызы 2023 жылы 94%-ды құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 6%-ға (88%) артық.


ҚОҒАМНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ ұйымдық құрылымы

Бекітілі

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
2022 жылғы 07 қазандағы 2022 ж. № 7 Хаттама

ШТАТ САНЫ-
2308,0 бір.



ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

(2022 жылғы 9 қыркүйектен бастап, 09.09.2022 ж. №15 «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқықтарын қабылдау-тапсыру актісі)

Қоғам Жарғысының 7-тармағына сәйкес Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарайды және шешімдер қабылдайды.

Жалғыз акционер өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша қабылданатын мәселелерді қоспағанда, дербес қабылдайды.



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

(2022 жылғы 9 қыркүйекке дейін, 28.07.2020 ж. № 9 «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқықтарын қабылдау-тапсыру актісі)

Есепті кезеңде Жалғыз акционердің қарауына Қоғам мынадай 3 мәселені шығарды:

- 1) Қоғамның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау туралы;
- 2) Қоғамның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы;
- 3) Қоғам Жарғысына өзгерістер енгізу туралы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге есеп беретін, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» (бұдан әрі – Заң), 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы», 2003 жылғы 2 шілдедегі «Бағалы қағаздар нарығы туралы», 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 328 бұйрығымен бекітілген «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі - Жарғы), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі №171 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамның корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Корпоративтік басқару кодексі) және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамды стратегиялық басқаруды және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың (бұдан әрі - Қоғам) басқару органы болып табылады.



Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционерге шынайы көзқарасы ескеріле отырып, тиімділік пен жауапкершілік, Қоғамның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру қағидаттарына негізделеді. Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционер алдындағы сенімгерлік міндеттерді қоса алғанда, міндеттерді орындауға дербес жауап береді және қабылданған шешімдерге, өз қызметінің тиімділігіне, әрекетіне және/немесе әрекетсіздігіне жауап береді.



Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер айқындайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы оның мүшелерінің (Жалғыз акционердің, тәуелсіз директорлардың, Басқарма Төрағасы-Ректордың өкілдері) теңгерімді үйлесімі арқылы Қоғам қызметінің ауқымын, ағымдағы міндеттерін, даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын және қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке белгіленеді. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі (30%) тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам жарғысына сәйкес белгіленеді.



Жалғыз акционер кандидаттардың құзыреттерін, білімін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.



Директорлар кеңесінің құзыреті

Директорлар кеңесінің құзыретіне Заңда және Қоғам Жарғысының 71-тармағында көзделген мәселелер жатады.

Директорлар кеңесінің Қоғам Жарғысына сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ

Директорлар кеңесі: лауазымды тұлғалар мен Жалғыз акционер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамның мүлкін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде асыра пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға; Қоғамда корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға ұмтылады.

Директорлар кеңесі келесі мәселелерге ерекше назар аударады: даму стратегиясын айқындау (басым бағыттар мен нәтижелер); даму стратегиясында және/немесе даму жоспарларында белгіленген КРІ қою және мониторингі; тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау; Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекіту және мониторингілеу; Басқарма Төрағасы-Ректорды, Басқарма мүшелерін сайлау (қайта сайлау), сыйақы беру, сабақтастықты жоспарлау және олардың қызметін қадағалау; корпоративтік басқару және әдеп; Қоғамда Корпоративтік басқару кодексінің және Іскерлік әдепсаласындағы Қоғамның корпоративтік стандарттарының (Корпоративтік әдеп кодексінің) ережелерін сақтау.



2022 жылдағы Директорлар кеңесінің құрамы

2022 жылдың 1 қаңтарына Қоғамның Директорлар кеңесі 8 мүшеден тұрды, оның 3-і – тәуелсіз директорлар:

Директорлар кеңесінің төрағасы		
1	Ерғалиев Асылханұлы	Қуаныш Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Вице-министрі
Директорлар кеңесінің мүшелері		
2	Нүкенов Нүкенұлы	Абзал Қарағанды облысы әкімінің орынбасары
3	Жайжұманова Абайқызы	Әсемгүл Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Мемлекет қатысатын мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі басқармасының басшысы
4	Қожахметова Шабданқызы	Гүлсім Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы
5	Дулатбеков Орынбасарұлы	Нұрлан Басқарма Төрағасы-Ректор
Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорлар		
6	Бексұлтанов Құдайберген Бексұлтанұлы	Қарағанды қалалық мәслихатының хатшысы
7	Бекбергенов Әжімұратұлы	Нұрлан Қарағанды облыстық адвокаттар алқасының мүшесі
8	Күмісбеков Күмісбекұлы	Айбек «B2C» ЖШС директоры

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі келесі 6 мүшеден, оның ішінде 2 тәуелсіз директордан тұрды:

Директорлар кеңесінің төрағасы		
1	Ерғалиев Асылханұлы	Қуаныш Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Вице-министрі
Директорлар кеңесінің мүшелері		
2	Жайжұманова Әсемгүл Абайқызы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Мемлекет қатысатын мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі басқармасының басшысы
3	Қожахметова Гүлсім Шабданқызы	Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы
4	Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлы	Басқарма Төрағасы-Ректор
Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорлар		
5	Бексұлтанов Құдайберген Бексұлтанұлы	Қарағанды қалалық мәслихатының хатшысы
6	Күмісбеков Күмісбекұлы	Айбек «B2C» ЖШС директоры

Директорлар кеңесінің мүшесі А.Н. Нүкенов Директорлар Кеңесінің атына 25.02.2022 жылы өз бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарлама жіберді.

Тәуелсіз директор Н.Ә. Бекбергенов Директорлар Кеңесінің атына 13.10.2022 жылы өз бастамасы бойынша өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарлама жіберді.

Басшылықтың үндеуі

Қоғам бейіні

Басшылықтың үндеуі

Қоғам бейіні

Басшылықтың үндеуі

2022 жылдағы Директорлар кеңесінің құрамы

**ЕРГАЛИЕВ ҚУАНЫШ АСЫЛХАНҰЛЫ**

(12.03.1982, Қазақстан Республикасы)
Директорлар кеңесінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Вице-министрі
(алғаш рет Қоғамның Директорлар кеңесіне
Жалғыз акционердің 09.07.2021 жылғы
шешімімен сайланды, № 328 бұйрық,
қолданыстағы құрам)

Білімі:
С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық
Медицина Университеті, үздік, Алматы қ. (2006)
«дәрігер» мамандығы
Тулейн университеті, магистратура, АҚШ
(2009)
«Денсаулық сақтау жүйелерінің менеджменті»
мамандығы, Қоғамдық денсаулық сақтау
магистрі
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық
университеті (2013)
Экономика және бизнес бакалавры
Т.Х. Чан атындағы Гарвард қоғамдық денсаулық
сақтау мектебі («Болашақ» халықаралық
бағдарламасы бойынша) (2019)
Қоғамдық денсаулық сақтау докторы
Корпоративтік басқару бойынша біліктілікті
арттыру:
- «Жоғары оқу орындарындағы корпоративтік
басқару ерекшеліктері» (30.09.2021 № 00051
сертификат, NAGC)

**БЕКСУЛТАНОВ ҚУДАЙБЕРГЕН
БЕКСУЛТАНҰЛЫ**

(17.01.1956, Қазақстан Республикасы)
Тәуелсіз директор
Стратегиялық жоспарлау комитетінің
төрағасы
Кадрлар және сыйақылар комитетінің
мүшесі
Аудит комитетінің мүшесі

Қарағанды қалалық мәслихатының
хатшысы
(алғаш рет Қоғамның Директорлар
кеңесіне Жалғыз акционердің 28.07.2020
жылғы шешімімен сайланды, № 322
бұйрық, қолданыстағы құрам)

Білімі:
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
мемлекеттік университеті (1993)
«Тарих» мамандығы
«Қарағанды «Болашақ» университеті»
ЖМ (2013)
«Құқықтану» мамандығы

Корпоративтік басқару бойынша
біліктілікті арттыру:
- «Жоғары оқу орындарындағы
корпоративтік басқару ерекшеліктері»
(30.09.2021 № 00053 сертификат,
NAGC)

**ЖАЙЖУМАНОВА ӘСЕМГҰЛ
АБАЙҚЫЗЫ**

(05.02.1979, Қазақстан Республикасы)
Директорлар кеңесінің мүшесі
Аудит комитетінің мүшесі

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің Мемлекет
қатысатын мемлекеттік емес заңды
тұлғалармен жұмыс жөніндегі
басқармасының басшысы
(алғаш рет Қоғамның Директорлар
кеңесіне Жалғыз акционердің 27.04.2021
жылғы шешімімен сайланды, № 183
бұйрық, қолданыстағы құрам)

Білімі:
Сәкен Сейфуллин атындағы аграрлық
университет (2000)
АӨК-тегі Экономика және менеджмент,
экономист-менеджер

**ҚОЖАХМЕТОВА ГҰЛСІМ
ШАБДАНҚЫЗЫ**

(06.04.1971, Қазақстан Республикасы)
Директорлар кеңесінің мүшесі
Кадрлар және сыйақылар комитетінің
мүшесі

Қарағанды облысы білім
басқармасының басшысы
(алғаш рет Қоғамның Директорлар
кеңесіне Жалғыз акционердің 28.07.2020
жылғы шешімімен сайланды, № 322
бұйрық, қолданыстағы құрам)

Білімі:
Жезқазған педагогикалық институты (1994)
«Орыс тілі және әдебиеті» мамандығы

Корпоративтік басқару бойынша
біліктілікті арттыру:
- «Жоғары оқу орындарындағы
корпоративтік басқару ерекшеліктері»
(30.09.2021 № 00054 сертификат, NAGC)

**КҮМИСБЕКОВ АЙБЕК
КҮМИСБЕКУЛЫ**

(22.06.1985, Қазақстан Республикасы)
Тәуелсіз директор
Аудит комитетінің төрағасы
Кадрлар және сыйақылар комитетінің
төрағасы
Стратегиялық жоспарлау комитетінің
мүшесі

«В2С» ЖШС директоры, co-founder
(алғаш рет Қоғамның Директорлар
кеңесіне Жалғыз акционердің 09.07.2021
жылғы шешімімен сайланды, № 328
бұйрық, қолданыстағы құрам)

Білімі:
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
мемлекеттік университеті (2007)
Тарих оқытушысы, тарих бакалавры
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
мемлекеттік университеті. (2009)
Саясаттану: Саяси ғылымдар магистрі
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық
университеті (2012)
Қаржы бакалавры

Корпоративтік басқару бойынша
біліктілікті арттыру:
- «Жоғары оқу орындарындағы
корпоративтік басқару ерекшеліктері.
Тәуекелдерлі басқару» (08.10.2021 №
00056 сертификат, NAGC)

**ДУЛАТБЕКОВ НҰРЛАН
ОРЫНБАСАРУЛЫ**

(05.05.1962, Қазақстан Республикасы)
Директорлар кеңесінің мүшесі
Стратегиялық жоспарлау комитетінің
мүшесі

Басқарма Төрағасы – Ректор

Білімі:
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті
(1984)
Заң ғылымдарының кандидаты (03.1993)
Заң ғылымдарының докторы (05.2003)
Халықаралық кадр академиясының
корреспондент-мүшесі (Украина)
Әлеуметтік ғылымдар академиясының
корреспондент-мүшесі (Қазақстан)
Қазақстан Ұлттық Ғылым
Академиясының корреспондент-мүшесі
(07.2012).

Корпоративтік басқару бойынша
біліктілікті арттыру:
- «Жоғары оқу орындарындағы
корпоративтік басқару ерекшеліктері»
(08.10.2021 № 00057 сертификат, NAGC)

Тәуелсіз директорларды іріктеу Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру саясаты Директорлар кеңесінің қызметін критерийлері

Корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес Қоғамда Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің болуы қамтамасыз етілді. Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің саны ең төменгі шектен асып, 33,3%-ды құрайды.

Қоғамның тәуелсіз директорларына кандидатураларды сайлау «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 1-бабы 20)-тармақшасын сақтау арқылы жүзеге асырылды, оған сәйкес тәуелсіз директор:

- сайлау кезінде және директорлар Кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде қоғамның үлестес тұлғасы болып табылған жоқ (осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды. Қоғамның немесе ұйымның лауазымды тұлғаларымен - Қоғамның үлестес тұлғаларымен бағыныстылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты емес.

- мемлекеттік қызметші болып табылмайды;

- осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайды және ол үш жыл бойы болған емес;

- Қоғамның аудиторы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде қоғамның аудитіне қатысқан жоқ.

Есепті жылы Директорлар кеңесінің құрамында жалғыз акционердің 2020 жылғы 28 шілдедегі (№322 бұйрық), 9.07.2021 жылғы (№328 бұйрық) шешімімен сайланған 2 тәуелсіз директор жұмыс істеді.

Тәуелсіз директорлар мен Қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастар 2021 жылғы 21 шілдеде (18.08.2022 ж. өзгерістермен және толықтырулармен) Жалғыз акционердің 16.07.2021 жылғы шешіміне (№346 бұйрық) сәйкес Басқарма Төрағасы-Ректор жасаған шарттармен регламенттелді.

Қоғам Жарғысының 65-тармағының 8) тармақшасына сәйкес директорлар Кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау мәселелері Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады және 16.07.2021ж. өзгерістерді ескере отырып (№346 бұйрық), Жалғыз акционердің 19.04.2021 ж. шешімімен (№171 бұйрық) бекітілген Корпоративтік басқару кодексінің 56-тармағында айқындалады. Сыйақы тек директорлар Кеңесінің мүшелеріне-мемлекеттік және азаматтық қызметшілер болып табылмайтын және кәсіптік қызметтің ерекшеліктеріне байланысты сыйақы алуға шегі жоқ тәуелсіз директорларға ғана төленеді.

Корпоративтік басқарудың қолданылатын практикасына сәйкес Қоғам сыйақының негізгі нысаны ретінде Директорлар кеңесінің отырысына әрбір қатысқаны үшін Жалғыз Акционердің шешімімен белгіленген сексен мың теңге мөлшеріндегі сыйақыны пайдаланады. Бұдан басқа, Қоғам тәуелсіз директордың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесінің отырыстарына шығуға байланысты шығыстарды (жол жүру, тұру, тәуліктік) өтейді.

2022 жылы Қоғамның тәуелсіз директорларға төлеген негізгі сыйақысының жалпы сомасы 800 000 теңгені құрады. Есепті кезеңдегі шығыстардың өтемақысы барлық отырыстардың Қоғамның нормативтік құжаттарында көзделген онлайн-форматта өткізілуіне байланысты жүзеге асырылмады.

Есепті жылы Директорлар кеңесінің 25.04.2022 жылғы шешімі (№3 хаттама) негізінде сауалнама жүргізу арқылы Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының 2021 жылғы қызметін бағалау жүргізілді.

Корпоративтік басқарудың «озық тәжірибесінің» ұсынымдарына сәйкес жүргізілген бағалау Директорлар кеңесі мен оның мүшелерінің негізгі қызмет салаларына кешенді талдау алу және соның нәтижесінде Директорлар кеңесі мен оның мүшелерінің Қоғамның табысты жұмысын қамтамасыз етудегі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатын көздеді.

Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің басшылығына сенімі және Директорлар кеңесі мүшелерінің бір-біріне деген өзара құрметі анықталды. Ұсыныстар мен ұсынымдардың болуына қарамастан, Директорлар кеңесінің жұмысында елеулі кемшіліктер анықталмағанын атап өткен жөн. Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің қызметі қанағаттанарлық деп танылды.

Бағалау Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің көптеген аспектілері таңдалған ұйымдық модель мен құрылым үшін қолайлы корпоративтік дамудың үздік тәжірибесінің ұсыныстарына сәйкес келетіндігін көрсетті.

Сонымен қатар, бағалау нәтижелері бойынша Қоғамда корпоративтік басқаруды одан әрі дамытуды, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыруды, Қоғамның ішкі процестерін оңтайландыруды және жақсартуды, сапалы кадр саясатын жүргізуді қоса алғанда, Директорлар кеңесінің қызметін жақсарту үшін негізгі бағыттар айқындалды.





Директорлар кеңесі жұмысының қорытындылары

2022 жылы Қоғамның директорлар Кеңесі 10 отырыс өткізді. Барлық отырыстар күндізгі нысанда өткізілді.


Қоғамның Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 қарашадағы шешімімен бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс істеді (№9 хаттама). Жоспарлау Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне отырыстарға жүйелі түрде дайындалуға, сондай-ақ өткізілетін отырыстардың сапасын, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің негізділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Мәселелер тізбесі және олар бойынша шешімдер Директорлар кеңесі отырыстарының тиісті хаттамаларында және шешімдерінде көрсетілген.



2022 жылға арналған Жоспар бойынша 34 мәселе қарастырылды. Есепті кезеңде Жоспардың орындалуы 97%-ды құрады. Жоспарланған бір мәселе - 2,94% (бірінші жартыжылдықтағы Қоғамның даму жоспарын нақтылау көрсеткіштерді нақтылау қажеттілігінің болмауына байланысты Қоғамның қаржы директорының ұсынысы бойынша қараудан алынып тасталды). Сонымен қатар, Жоспардан тыс қосымша 21 мәселе қаралды. Қарауға шығарылған, бірақ күн тәртібінен шығарылған мәселелер жоқ.

Негізгі шешімдер Қоғам қызметінің мынадай негізгі бағыттарына жатқызылған мәселелер бойынша қабылданды



54 мәселені қарау қорытындысы бойынша 150 шешім қабылданды, оның ішінде: тапсырмалар мен ұсынымдар берілді - 88 орындалды - 76 орындау сатысында – 12

Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің 2022 жылы қабылдаған шешімдері туралы қосымша ақпарат Қоғамның сайтында мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://buketov.edu.kz/kz/page/corporate>

33 мәселе жоспарға сәйкес қаралды
21 мәселе қосымша қаралды
54 мәселе 2022 жылы барлық шығарылғаны

Директорлар кеңесі барлығы 54 мәселені қарады.

Директорлар кеңесі жұмысының қорытындылары


Есепті кезеңде Директорлар кеңесі мынадай ішкі нормативтік құжаттарды қарады және бекітті



- ✓ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың атқарушы органының мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану тәртібі туралы ереже;
- ✓ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже;
- ✓ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың бағалы қағаздарын орналастыру шарттары мен тәртібі туралы ереже;
- ✓ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;
- ✓ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты.

Жалпы, Директорлар кеңесінің 2022 жылғы жұмыс жоспарын орындау жөніндегі қызметін нәтижелі деп тануға болады. Директорлар кеңесі отырыстарын тұрақты негізде, жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ қажеттілігіне қарай өткізді

Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуы



2022 жылы Қоғамның директорлар Кеңесі 10 отырыс өткізді.

Барлық отырыстар күндізгі нысанда өткізілді



Қатыспау себептері:

өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату (А.Н.Нукенов 25.02.2022 ж. бастап, Н.А.Бекбергенов 13.10.2022 ж. бастап), еңбек демалысында, қызметтік іссапарларда болу, негізгі жұмыс орны бойынша кеңестерге қатысу.

Маңызды корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат

25.02.2022 ж.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Абзал Нүкенұлы Нүкеновтің өз бастамасы бойынша өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды

05.03.2022 ж.

Жалғыз Акционердің шешімімен (№80 бұйрық) «ARIP Consulting group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде айқындалды.

25.04.2022 ж.

Директорлар кеңесінің 25.04.2022 ж. шешімімен (№3 хаттама) 2021 жылдың қорытындысы бойынша «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың стратегиялық даму жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылды.

25.05.2022 ж.

Жалғыз Акционердің шешімімен (№225 бұйрық) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі — Қоғам) 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілді, Қоғамның 2021 жылғы таза табысын бөлу тәртібі айқындалды.

28.05.2022 ж.

Жалғыз Акционердің шешімімен (№247-10 бұйрық) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жылдық қаржылық есептілігі бекітілді, Қоғамның 2020 жылғы таза табысы 223 713 196,28 теңге (екі жүз жиырма үш миллион жеті жүз он үш мың жүз тоқсан алты теңге жиырма сегіз тиын) Қоғамның иелігінде қалды

02.06.2022 ж.

Директорлар кеңесінің 02.06.2022 ж. шешімімен (№4 хаттама):

- «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы болып В.И. Олейник тағайындалды;

- 2021 жылғы «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың даму жоспарының орындалуы туралы есеп бекітілді (сәйкестендіргіш 14-990540002444-2020-021).

11.07.2022 ж.

Директорлар кеңесінің 11.07.2022 ж. шешімімен (№5 хаттама):

- «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау, Басқарманы, Ішкі аудит қызметін және Корпоративтік хатшыны бағалау нәтижелері бекітілді;

- «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың 2021 жылғы жылдық есебі бекітілді.

19.09.2022 ж.

Қоғамның мемлекеттік акциялар пакеті Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің басқаруына берілді (09.09.2022 жылғы № 15 тапсыру туралы акт).

20.09.2022 ж.

Директорлар кеңесінің 08.09.2022 жылғы шешімімен (№6 хаттама) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Басқарма мүшесі, әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі проректоры бос лауазымына орналасуға конкурс жарияланды.

23.09.2022 ж.

Жалғыз Акционердің шешімімен (23.09.2022 ж. № 66 бұйрық) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Жарғысына өзгерістер енгізілді.

12.10.2022 ж.

Директорлар кеңесінің 12.10.2022 ж. шешімімен (№8 хаттама) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» КЕАҚ Басқарма мүшесі, әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі проректоры болып А.С. Молдабаев сайланды.

13.10.2022 ж.**25.11.2022 ж.****22.12.2022 ж.**

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Н.А. Бекбергеновтің өз бастамасы бойынша өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Директорлар кеңесінің 25.11.2022 ж. шешімімен (№9 хаттама):

- «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың 2020-2024 жылдарға арналған Даму жоспарының 2021 жылы іске асырылуын бағалау бекітілді (қанағаттанарлық деп танылды);

- «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың 2020-2024 жылдарға арналған Даму жоспарын жартыжылдық нақтылауы бекітілді (2022 жыл, 2-ші жартыжылдықты нақтылау) (сәйкестендіргіш 14-990540002444-2020-028).

Директорлар кеңесінің 22.12.2022 ж. шешімімен (№10 хаттама) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың 2020-2024 жылдарға арналған Даму жоспарының жылдық нақтылауы (2023 жыл) бекітілді. (сәйкестендіргіш 14-990540002444-2020-029)

2022 жылғы корпоративтік оқиғалар туралы толық ақпаратты Қоғамның сайтында келесі сілтеме бойынша алуға болады:

<https://buketov.edu.kz/kz/page/corporate/events2022>


The screenshot shows the website interface for Karaganda Buketov University. The header includes the university logo and navigation links: О НАС, ПРОГРАММЫ ОБУЧЕНИЯ, НАУКА, ЖИЗНЬ В КАМПУСЕ. The main content area is titled 'Корпоративные события 2022' and contains a calendar of events for the year 2022. The events are listed in reverse chronological order from top to bottom:

- 22.12.2022
- 25.11.2022
- 25.11.2022
- 13.10.2022
- 12.10.2022
- 23.09.2022
- 20.09.2022
- 19.09.2022
- 19.09.2022
- 11.07.2022
- 11.07.2022
- 02.06.2022
- 02.06.2022
- 25.05.2022

At the bottom right of the page, there is a Windows activation watermark: 'Активация Windows. Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".'

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Ең маңызды мәселелерді қарау және ұсынымдар дайындау үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің 4.11.2020 жылғы шешімімен (№5 хаттама) 3 (үш) комитет құрылды:



Аталған комитеттердің қызметі есепті жылы Директорлар кеңесінің 4.11.2020 жылғы шешімімен бекітілген комитеттер туралы ережелерге (№5 хаттама) сәйкес жүзеге асырылды.

Комитеттер Қоғамның Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары болып табылады, олардың барлық шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар болып табылады.

Комитеттердің жұмысы салмақты ұсыныстарды әзірлеуге ықпал етеді және Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Комитет мүшелері қажетті білімге ие, бейінді комитеттердің құзыретіне кіретін мәселелер шеңбері бойынша практикалық тәжірибеге ие.

Аудит комитеті

9 отырыс

2021 жыл ішінде өткізілді

2022 жылы Аудит комитеті 80 шешім қабылдады, оның 77-сі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар, 3-і Комитет деңгейінде қабылданатын түпкілікті шешімдер болып табылады.

Директорлар кеңесі есепті кезеңде Комитет әзірлеген ұсыныстарды толық орындады. Комитеттің 77 ұсынымының ішінен Директорлар кеңесі өзгеріссіз қабылдағандар - 77, қабылданбаған ұсынымдар жоқ.

2022 жыл ішінде Аудит комитеті Қоғамның ішкі аудит қызметінің, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмысына тұрақты негізде жетекшілік етуді, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін бақылауды жүзеге асырды, Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылдады, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын талқылауға қатысты, атаулы аудиттердің нәтижелерін қарады, жекелеген құрылымдық бөлімшелердің бар тәуекелдеріне талдаулар жасады.

Аудит комитетінің 2022 жылғы қызметі туралы қосымша ақпарат Қоғамның сайтында келесі сілтеме бойынша қолжетімді: <https://buketov.edu.kz/kz/page/corporate/audit2022>

9 күндізгі

отырыс өткізілді

28 мәселе

қаралды және ұсынымдар берілді

80 шешім

қабылданды

Стратегиялық жоспарлау комитеті

9 отырыс

2021 жыл ішінде өткізілді

8 күндізгі

отырыс өткізілді

25 мәселе

қаралды және ұсынымдар берілді

38 шешім

қабылданды

2022 жылы Стратегиялық жоспарлау комитеті 38 шешім қабылдады, оның 33-і Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар, 5-і Комитет деңгейінде қабылданатын түпкілікті шешімдер болып табылады.

Директорлар кеңесі есепті кезеңде Комитет әзірлеген ұсыныстарды толық көлемде орындады. Директорлар кеңесі үшін Комитет әзірлеген 33 ұсынымның 30-ы өзгеріссіз қабылданды, 3 ұсынымның қабылдануы монополияға қарсы органдармен қосымша келісу қажеттілігіне (эндаумент қорын құру мәселелері) және тиісті заңнамалық шешімдердің қабылдануына байланысты кейінге қалдырылды.

2022 жыл ішінде Стратегиялық жоспарлау комитеті ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын талқылауға қатысты, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау бойынша, Қоғамның даму жоспарының орындалуы, стратегиялық даму жоспарының орындалуы туралы есептер бойынша ұсынымдар дайындауды жүзеге асырды, Қоғам қызметінің стратегиялық бағыттарының іске асырылуына мониторинг жүргізді, Қоғамның жылдық есебін дайындауға қатысты.

Стратегиялық жоспарлау комитетінің 2022 жылғы қызметі туралы қосымша ақпарат Қоғамның сайтында мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://buketov.edu.kz/kz/page/corporate/strategic2022>

Кадрлар және сыйақылар комитеті

7 отырыс

2021 жыл ішінде өткізілді

7 күндізгі

отырыс өткізілді

13 мәселе

қаралды және ұсынымдар берілді

32 шешім

қабылданды

2022 жылы Комитет 32 шешім қабылдады, оның 30-ы Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар, 2-уі Комитет деңгейінде қабылданатын түпкілікті шешім болып табылады.

Директорлар кеңесі есепті кезеңде Комитет әзірлеген ұсыныстарды басшылыққа алды. Комитеттің 30 ұсынымын Директорлар кеңесі өзгеріссіз қабылдады-29, нақтылаумен-1, қабылданбаған ұсынымдар жоқ.

Кадрлар және сыйақылар комитетінің басшылығымен есепті кезеңде Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау жүргізілді, оның қорытындысы бойынша қосымша назар аударуды талап ететін салалар белгіленді, Басқарма мүшелерінің КРІ іске асыруына байланысты мәселелер ерекше назарға алынды.

Кадрлар және сыйақылар комитетінің 2022 жылғы қызметі туралы қосымша ақпарат Қоғамның сайтында мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://buketov.edu.kz/kz/page/corporate/remuneration2022>

БАСҚАРМА

Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Қоғамның атқарушы органы - Басқарма (Ректорат) жүзеге асырады. Қоғам Басқармасын Басқарма Төрағасы - Қоғам Ректоры басқарады

Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай – ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі- Директорлар кеңесі) шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы – Ректорын іріктеу және тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже сәйкес Директорлар кеңесі және Жалғыз акционер (Басқарма Төрағасы-Ректорға, Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесіне қатысты) тиісті шешім қабылдаған кезден бастап өткізілді деп есептеледі.

Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Қоғамның Жарғысында басқа органдар мен оның лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

- ✓ Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штат санын әзірлейді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;
- ✓ Директорлар кеңесі бекіткен штат санын ескере отырып, Қоғамның штаттық кестесін бекітеді;
- ✓ Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді;
- ✓ Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын құжаттарды бекітеді;
- ✓ Қоғамның даму жоспарын және оның орындалуы туралы есептерді әзірлейді және директорлар Кеңесіне бекітуге ұсынады;
- ✓ Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- ✓ активтердің бір бөлігін және бірнеше бөлігін Қоғамға тиесілі барлық активтердің он пайызын құрайтын сомада беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдайды;
- ✓ ғылыми кеңестің шешімі негізінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын бекіту;
- ✓ Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- ✓ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес талаптардан төмен емес дербес анықтау.

Басқарма құрамы



**ДУЛАТБЕКОВ
НҮРЖАН
ОРЫНБАСАРУЛЫ**

Басқарма Төрағасы – Ректор

✓ Академик **Е.А.Бөкетов** атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (1984)
Заң ғылымдарының докторы (05.2003)
Халықаралық кадр академиясының корреспондент-мүшесі (Украина)
Әлеуметтік ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі (Қазақстан)
Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі (07.2012).

«Жоғары оқу орындарындағы корпоративтік басқару ерекшеліктері» (30.09.2021 № 00051 сертификат, NAGC)



**ТӘЖБАЕВ
ЕРКЕБҮЛАН МҮРАТУЛЫ**

Басқарма мүшесі, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор

✓ Академик **Е.А.Бөкетов** атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (1996)
Химия ғылымдарының докторы (2007)
ҚР БҒМ БҒСБК «Химия» ғылымдары саласы бойынша профессор (2008)
Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі (2016).

«Коммерциялық емес акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқару жүйесіндегі атқарушы орган» (09.08.2021 № 00022 сертификат, NAGC)



**ЖЕТПІСБАЕВА
БАҚЫТГҮЛ
АСЫЛБЕКҚЫЗЫ**

Басқарма мүшесі, стратегиялық даму жөніндегі проректор

✓ Алматы педагогикалық шет тілдер институты (1987);
✓ Академик **Е.А.Бөкетов** атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (2011)
Педагогика ғылымдарының докторы (2009);
Профессор (2011)

«Коммерциялық емес акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқару жүйесіндегі атқарушы орган» (09.08.2021 № 00021 сертификат, NAGC)



**ЖҮСПБЕК
ТАЛҒАТ
ЗЫПАРБЕКҮЛЫ**

Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректор

✓ Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық институты (2005-2009)
✓ Сулейман Демирель атындағы университет (2011-2013)
✓ Шеффилд университеті (2014-2018)
Білім беру саласындағы PHD (Education)

«Жоғары оқу орындарындағы корпоративтік басқару ерекшеліктері. Тәуекелдерді басқару» (08.10.2021 № 00062 сертификат, NAGC)



**СЫЗДЫҚОВ
МЕЙРЖАН
ЖӘКЕНҮЛЫ**

Басқарма мүшесі, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

✓ Академик **Е.А.Бөкетов** атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (1998);
✓ Қазтұтынуодағының Қарағанды экономикалық университеті (2012)

«Жоғары оқу орындарындағы корпоративтік басқару ерекшеліктері. Тәуекелдерді басқару» (08.10.2021 № 00063 сертификат, NAGC)



**МОЛДАБАЕВ
АСЫЛБЕК
СЕРІКҮЛЫ**

Басқарма мүшесі, әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі проректор

✓ Академик **Е.А.Бөкетов** атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (2008)
✓ Қазтұтынуодағының Қарағанды экономикалық университеті (2011)
✓ С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті (2016)


Басқарма жұмысының қорытындылары

Қоғам Басқармасы өз отырыстарында Қоғамның стратегиялық мақсаттарын іске асыру призмасы арқылы оның құзыретіне кіретін мәселелерді қарастыра отырып, ағымдағы міндеттерді шешуге бағытталған. Мәселелер тізбесі және олар бойынша шешімдер тиісті хаттамаларда және Басқарма отырыстарының шешімдерінде көрсетілген.



2022 жылы 20 отырыс өткізіліп, барлық отырыстар күндізгі бөлімде өткізілді. Басқарма отырыстарында барлығы 99 мәселе қаралды. Олар бойынша 179 шешім қабылданды. Басқарма отырыстары басқарманың бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ қажеттілігіне қарай өткізілді. Жоспарлау басқарманың әрбір мүшесіне отырыстарға жүйелі дайындықты жүзеге асыруға мүмкіндік берді, бұл өткізілетін отырыстардың сапасын, қоғамның қабылданатын шешімдерінің негізділігін едәуір арттырады.

Басқарма мүшелерінің отырыстарға қатысуы



Басқарма отырыстарында әр 6 ай сайын Басқарма шешімдерінің орындалуы туралы есеп тыңдалады, бұл қабылданатын шешімдердің формальдылығын жояды және факультеттер мен құрылымдық бөлімшелердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді бақылауға және мониторингілеуге мүмкіндік береді.

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясаты

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру туралы ақпарат, Қоғам Басқармасы мүшелерінің сыйақысының шарттары мен тәртібі Басқарма Төрағасы – Ректордың және Басқарма мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру шарттары туралы ережеде, Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау туралы ережеде айқындалған. Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшері, еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады. Сыйақы төлеудің негізгі шарттары қаржы жылының қорытындысы бойынша Қоғамның оң қаржылық нәтижесі; жыл қорытындысы бойынша әрбір КРІ көрсеткішінің шекті мәндерін орындау; Қоғамның қорытынды нәтижелілігі – кемінде 50%; есепті жылы тәртіптік жазаның болмауы болып табылады. Бұл ретте жыл қорытындысы бойынша сыйлықақылардың жалпы жылдық көлемі еңбекақы төлеу қорының қаражаты шегінде Басқарманың әрбір мүшесіне алты лауазымдық айлықақыдан аспауы тиіс. Басқарма мүшелерінің КРІ-лері карта түрінде, Жалғыз акционердің құтулерін және Қоғамның стратегиялық мақсаттарын нақты көрсеткіштерге каскадтау жолымен әзірленеді және Директорлар кеңесі бекітеді. Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметі Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның қаржылық-шаруашылық қызметіне, атқарушы органның және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен іс-әрекеттеріне бақылауды жүзеге асыратын Қоғамның органы болып табылады.

ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ АУДИТОРЛАРЫ



**ПЕРОВ АЛЕКСАНДР
МИХАЙЛОВИЧ**

Ішкі аудит қызметінің басшысы

Е.Бөкетов ат. ҚарМУ, экономика факультеті (1984),

«Қаржы және несие» мамандығы;

Е.Бөкетов ат. ҚарМУ, заң факультеті (2003),

«Құқықтану» мамандығы;

Инновациялық Университеті (2012)

Іскерлік әкімшілендіру магистрі (Бағалау)

Сертификатталған аудитор (1994)



**САТЕЕВА ГАЛИНА
ГЕННАДЬЕВНА**

Ішкі аудит қызметінің маманы

Қарағанды политехникалық институты (1983),

мамандығы - дәнекерлеу өндірісінің жабдықтары мен технологиясы,

Е.Бөкетов ат. ҚарМУ (1998),

мамандығы – бухгалтерлік есеп және аудит,

біліктілігі - экономист.

Сертификатталған бухгалтер-практик (1998)

Еуразия

магистрі

Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері:

- 1) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің көрсеткіштеріне аудит және бағалау;
- 2) нәтижеге бағдарланған бюджетті пайдалану тиімділігін бағалау;
- 3) Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесінің тәуекелдерін басқару аудиті;
- 4) Қоғамның бухгалтерлік есеп жүйесінің, ақпаратының (жоспарлары мен есептілігінің) дұрыстығын, толықтығын, объективтілігі мен сенімділігін бағалау, сондай-ақ ішкі және сыртқы пайдаланушыларға осындай ақпаратты (жоспарлар мен есептілікті) сәйкестендіру, өлшеу, сыныптау және ұсыну үшін пайдаланылатын қағидаларды (қағидастарды, әдістерді) бағалау;
- 5) ресурстарды, активтерді және оларды есепке алуды, сақтауды (қалпына келтіруді) және/немесе қауіпсіздікті (қорғауды) қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін (тәсілдерін) пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігін бағалау;
- 6) Қоғамның Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі саясаттың және өзге де құжаттардың талаптарын сақтауын, сондай-ақ осы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің тиімділігін бағалау;
- 7) Қоғам органдары шешімдерінің және уәкілетті (қадағалау) мемлекеттік органдардың нұсқамаларының (ұсыныстарының) орындалуын талдау және бағалау;
- 8) корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін және оны жетілдіру процесін, әдеп стандарттары мен құндылықтарын сақтауды талдау.

11

атаулы аудит
өткізілді

16

есеп
шығарылды

11

келісу хаттамалары
қол қойылды

2022 жылы жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес 11 атаулы аудит жүргізілді, 16 есеп шығарылды, оның ішінде 4 тоқсандық және жылдық, барлық есептерге 11 келісу хаттамасына қол қойылды.

2022 жылғы Жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы 100%-ды құрады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТ

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 10 наурыздағы шешімімен (№2 хаттама) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес және корпоративтік басқарудың жалпы қабылданған қағидаттарын сақтай отырып құрылды

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТТІҢ БАСШЫСЫ




**ОЛЕЙНИК ВАСИЛИЙ
ИВАНОВИЧ**

Ф.Э. Дзержинский атындағы Харьков заң институты (1980) Құқықтану / біліктілігі «Зангер»

Заң талаптарына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін атқарушы органға тәуелсіз жүзеге асырады, Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын қамтамасыз ету кезінде, шаралар қабылдау мен іске асыруда тәуелсіз болып табылады.

Қызметтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің негізгі миссиясы-Қоғамның, оның қызметкерлері мен білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету. ЖОО-да парасаттылық, Академиялық адалдық, ашықтық және ашықтық қағидаттарына негізделген сыбайлас

«Жастар Әлемі» - «Мир Молодежи» өңірлік студенттік газетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға байланысты өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат ай сайын жарияланады



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

Ғылыми кеңес жұмысының мақсаты:

1) кәсіптік оқу бағдарламаларын табысты іске асыру мақсатында университеттің білім алушылары мен профессорлық-оқытушылық құрамы үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) ЖОО-ның одан әрі дамуына жәрдемдесу.

Ғылыми кеңес Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Қоғамның Жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы

18

отырыс

2022 жыл ішінде
өткізілді

51

мәселе

қаралды

331

шешім

қабылданды

2022 жылы Ғылыми кеңестің 18 отырысы өткізілді. Кеңес отырыстарында барлығы 51 мәселе қаралды. Олар бойынша 331 шешім қабылданды.

Осы Жарғыда және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында Қоғам органдарының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау кезінде осы мәселелер бойынша қабылданған шешімдер ұсынымдық болып саналады.

Ғылыми кеңес Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Жарғыда Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды, оның ішінде:

- 1) ғылыми, оқу, әдістемелік және тәрбие қызметі бойынша мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау;
- 2) оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық базаны дамытудың перспективалық жоспарын қарау;
- 3) профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамға ғылыми атақтар беру мәселелерін қарау;
- 4) ішкі тәртіп қағидаларын қарау және бекіту;
- 5) оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 6) университеттің стратегиялық даму жоспарын іске асыруға байланысты мәселелерді қарау;
- 7) университеттің әлеуметтік дамуының негізгі мәселелерін қарау және шешім қабылдау;
- 8) өткен оқу жылындағы университет қызметінің қорытындысын шығару;
- 9) Қоғамның оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысы туралы есептерін мерзімді қарау;
- 10) Қоғамның құрамына кіретін өзге де құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарау;
- 11) Қоғам Басқармасының бекітуі үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын қарау;
- 12) Қоғамның қызметіне байланысты және алқалы шешімді талап ететін өзге де мәселелерді қарау.


ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын, «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың Есеп саясатын, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (бұдан әрі-ХҚЕС) басшылыққа алады

Қоғамның қаржылық есептілігі ХҚЕС-ке сәйкес және тану күніндегі бағалық немесе әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы құралдарынан басқа, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидалары негізінде дайындалған. Есептілікке қаржылық есептіліктің элементтері болып табылатын барлық активтер, міндеттемелер, капитал, кірістер мен шығыстар кіреді

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акциялар туралы мәліметтер:

- ✓ жарияланған акциялардың саны, түрлері-3 927 242 (үш миллион тоғыз жүз жиырма жеті мың екі жүз қырық екі) дана қарапайым акциялар
- ✓ құрылтайшылар арасында орналастырылатын (орналастырылған) акциялардың саны, түрлері - 3 927 242 (үш миллион тоғыз жүз жиырма жеті мың екі жүз қырық екі) дана қарапайым акциялар



СЫРТҚЫ АУДИТОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік және қаржылық есептілікке байланысты өзге де ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатындағы тексеру рәсімі

«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 ақпандағы №234-ІІІ Заңының 1-бабы 7) тармақшасына, ҚР ҚМ ММжәнеЖК Төрағасының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 328 бұйрығымен бекітілген Қоғам Жарғысына, Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Есеп саясатына (23.12.2020 ж. №6 хаттама) сәйкес «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Қоғамның қаржылық есептілігіне жыл сайынғы аудит жүргізуге міндетті.

Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізудің міндетті шарты сондай-ақ «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 жылғы 20 қарашадағы № 304-І Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағында айқындалған.

Жылдық қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеру және растау үшін, сондай-ақ арнайы мақсаттағы аудит жүргізу үшін Қоғам Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес конкурстық іріктеу негізінде жыл сайын кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады.

Қоғамның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыру үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу Қоғамның Директорлар кеңесінің 12.10.2022ж. шешімімен (№8 хаттама) ҚҚС-ты ескере отырып, 1 500 000 (бір жарым миллион) теңгеден аспайтын мөлшерде айқындалды.


Қызметті сатып алу шартына сәйкес Қоғамның 2022 жылғы қаржылық есептілік аудитін «Аудит Бизнес Групп» ЖШС аудиторлық компаниясы жүргізді.

Қоғамның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі шешімімен (№5 хаттама) алдын ала бекітілген. Жалғыз акционердің 2023 жылғы 16 мамырдағы шешімімен бекітілген (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің № 213 бұйрығы)

«Аудит Бизнес Групп» ЖШС тәуелсіз аудиторының аудиторлық есебіне сәйкес Қоғамның қаржылық есептілігі 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық маңызды аспектілердегі қаржылық жағдайды, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі ақшалай қаражаттың қозғалысын ХҚЕС сәйкес анық көрсетеді.

Қаржылық есептілік аудиті және арнайы мақсаттағы аудит

(ҚҚС қоса алғанда, қызметтің сыйақы сомасы, мың теңге)



Қаржылық есептілік аудитін жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері есепті кезеңде Қоғамға жұмысқа қабылданған жоқ.

ҚОСЫМША

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы есеп

АКТИВТЕР

Қысқа мерзімді активтер	2021	2022
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	566 059	869 509
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	500 000	100 000
Қысқа мерзімді сауда және басқа да дебиторлық берешек	41 483	99 097
Қорлар	409 438	423 952
Басқа да қысқа мерзімді активтер	23 287	39 025
Қысқа мерзімді активтердің жиыны	1 540 267	1 531 583
Ұзақ мерзімді активтер		
Негізгі құралдар	2 618 587	3 086 798
Материалдық емес активтер	27 332	27 542
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	145 345	190 341
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны	2 791 264	3 304 681
Теңгерім	4 331 531	4 836 264

МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Капитал	2021	2022
Жарғылық капитал	3927242	3927242
Бөлінбеген пайда	1003468	875 491
Негізгі ұйымның меншік иелеріне жатқызылатын капиталдың жиыны	2923774	3051751
Капитал жиыны	2923774	3051751
Теңгерім	4331531	4836264
Қысқа мерзімді міндеттемелер		
Қысқа мерзімді сауда белгісі және басқа да кредиторлық берешек	229 774	598 517
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	140 943	181 209
Қызметкерлерге сыйақы беру	2031	2310
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	1035009	1002477
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны	1407757	1784513

ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Пайда мен залалдар туралы

	2021	2022
Түсім	7 006 936	8 962 615
Тауарлар мен қызметтерді сатудың өзіндік құны	6 500 381	8 354 472
Жалпы пайда	506 555	608 143
Әкімшілік шығыстар	403 226	533 793
Жалпы операциялық пайда	103 329	74 350
Қаржылық кірістер	46 739	35 286
Басқа кірістер	113 849	210 294
Басқа шығындар	127 757	191 953
Салық салуға дейінгі пайда / (залал)	136 160	127 977
Салық салынғаннан кейін жалғасатын қызметтен түскен пайда /(залал)	136 160	127 977
Жыл ішіндегі пайда / (залал)	136 160	127 977
Жиынтық кіріс / (залал) жиыны	136 160	127 977

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары	2021	2022	Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы	2021	2022
Ақша қаражатының түсімі, жиыны	10 171 445	12 863 426	Айырбасталатын валюта бағамдарының теңгеге әсері	2 106	1 052
Тауарлар мен қызметтерді сату	5961 772	8 084 024	Ақша қаражатының ұлғаюы + / - азаюы	531 639	303 450
Сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	1 035 009	949 656	Есепті кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	1 097 698	566 059
Алынған сыйақылар	39 985	39 056	Есепті жылдың соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	566 059	869 509
Басқа түсімдер	3 134 679	3 790 690			
Ақша қаражатының шығуы, жиыны	9 930 917	12 155 069			
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төлемдер	1 241 036	1 320 343			
Сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	21 759	21 514			
Еңбекақы төлеу бойынша төлемдер	3 869 292	5 124 681			
Табыс салығы және бюджетке төленетін басқа да төлемдер	1 281 684	1 552 818			
Басқа төлемдер	3 517 146	4 135 713			
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	240 528	708 357			
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы	2021	2022			
Ақша қаражатының түсімі	500 000	500 000			
Ақшалай салымдарды алу	500 000	500 000			
Ақша қаражатының шығуы, жиыны	1 270 061	905 959			
Негізгі құралдарды сатып алу	754 756	771 502			
Материалдық емес активтерді сатып алу	15 305	7 927			
Ақшалай салымдарды орналастыру	500 000	100 000			
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	770 061	405 959			

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

	Жарғылық капитал	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
Өткен жылдың 1 қаңтарына сальдо	3 927 242	1 139 628	2 787 614
Қайта есептелген сальдо	3 927 242	1 139 628	2 563 901
Жалпы жиынтық кіріс		136 160	136 160
Жыл ішіндегі пайда /залал		136 160	136 160
Қайта есептелген сальдо	3 927 242	1 003 468	2 923 774
Жалпы жиынтық кіріс		127 977	127 977
Пайда /залал		127 977	127 977
Есепті жылдың 31 желтоқсанына сальдо	3 927 242	875 491	3 051 751

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

